Выслушаны отчеты и обсуждены вопросы комитетов, в т.ч. по здравоохранению и социальным услугам. Приняты решения по финансовым и кадровым вопросам.

Была одобрена кандидатура Бакытжана Тажибая, председателя Казахстанского отраслевого профсоюза работников здравоохранения «AQNIET», для включения в состав комитета по регламенту Конгресса ЕФПОО 2024 года.

От Профсоюза «AQNIET» в работе Исполкома ЕФПОО приняли участие председатель профсоюза Б. Тажибай, председатель Алматинского филиала профсоюза А. Даутова и руководитель юридической службы Е. Буркитбаев.

**Ажар Ғиният, ҚР Денсаулық сақтау министрі:**

- Құрметті әріптестер, кәсіподақ қозғалысының белсенділері мен ардагерлері!

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағының 100 жылдығы кәсіподақ қозғалысының көшбасшылары мен белсенділері үшін айтулы оқиға. Еңбек адамының мүдделерін қорғауда уақыт пен күш-жігерді аямайтындар үшін. Сіздердің белсенді өмірлік ұстанымдарыңыз бен шығармашылық энергияларыңыз медицина қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған.

Ғасырлық мерейтой - бұл бүкіл сала үшін маңызды оқиға. 1994 жылдан бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігі кәсіподақтың әлеуметтік серіктесі болып табылады және осы жылдар бойы саланы жетілдіру бойынша тығыз жұмыс атқарып, сала қызметкерлерінің мүдделеріне байланысты нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде кәсіподақтың ұсыныстарын ескереді. Бүгінгі таңда медицинада көп нәрсе жақсы жаққа өзгерді, бірақ тәжірибе көрсеткендей, саланы реформалау оңай процесс емес. Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін біздің бірлескен күш-жігеріміз қажет. Сонда ғана міндеттердің орындалуын және жүргізіліп жатқан реформаның нәтижелерін әрбір медицина қызметкері мен елдің барлық азаматы сезінетін болады.

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қиын жолдан өтті, өйткені бұл уақытта мемлекеттің саяси құрылымы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы өзгеріске ұшырады. Бірақ ол әрқашан мемлекеттің демократиялық даму мүдделерін қорғайтын, қоғамның басты тірегі болды және болып қала береді. Әр түрлі кезеңдерде Кәсіподақ қызмет басымдықтарын, жұмыс формалары мен әдістерін өзгертті, бірақ сонымен бірге кәсіподақ қозғалысының ең жақсы дәстүрлерін сақтай алды. Өзінің басты мақсатына - кәсіподақ мүшелерінің өмір сүру сапасын жақсартудағы мүдделері мен құқықтарын қорғауға адал болды.

Қазақстандық салалық кәсіподақтың табысты қызметінің кепілі ұрпақтар сабақтастығына негізделген. Сондай-ақ, жарқын дәстүрлерді сақтай отырып, жас және креативті кәсіподақ көшбасшылары халықаралық тәжірибені ескере отырып мәселенің бәрін шешеді, ал даулы мәселелерді министрліктермен және басқа да мемлекеттік органдармен келіссөздер мен сындарлы диалог арқылы шешеді.

Соңғы жылдары ғана «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағымен ынтымақтастық шеңберінде біздің медицина қызметкерлерінің мүддесіне бірқатар маңызды мәселелер сәтті шешілді. Осындай мәселелердің қатарында жалақыны ұлғайту,

ынталандыру және қосымша үстемеақылар, біліктілік санаттары үшін төлем жатады. «AQNIET» Кәсіподағымен медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізу бойынша жоба белсенді түрде ілгерілеуде, бұл медицина қызметкерлерін заңдық және қаржылық қорғаудың негізі болады. Біздің қызметкерлерімізге қосымша білім беру сапасын арттыру, сондай-ақ дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша жұмыс тікелей жүргізіледі. Аталған жобалар денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылатын жұмыстың аз ғана бөлігі.

Құрметті әріптестер, кәсіподақ белсенділері! Сіздерге осы жылдар ішінде қол жеткізілген барлық жақсылықтарды сақтап қана қоймай және көбейтуді тілеймін. Біздің алдымызда денсаулық сақтауды дамыту үшін бірлескен жұмыс көп. Әрқашан сау және бақытты болыңыздар. Әрқашан отбасыларыңызда бейбітшілік, тыныштық пен амандық орнасын!

**Ақмәди Сарбасов, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-Министрі:**

–Құрметті кәсіподақ жетекшілері, кәсіподақ қозғалысының ардагерлері!

Қазіргі жағдайда мемлекет еңбек адамы мен жұмыс берушінің мүдделерін оңтайлы үйлестіруге қол жеткізе алатын күшті және жауапты кәсіптік одақтарға бұрынғыдан да көп қызығушылық танытып отыр. Осы қатарға «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағын толық құқықпен жатқыза аламыз. 2023 жылы ол өзінің ғасырлық мерейтойын және өзінің басты міндеті медицина қызметкерлерінің заңды құқықтары мен мүдделерін абыроймен қорғауды жүзеге асырады. Осы арқылы Кәсіподақ өз мүшелерінің жоғары сеніміне ие болды.

«AQNIET» Кәсіподағы өзін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қоғамдағы экономикалық даму және әлеуметтік тұрақтылық мақсаттарына қол жеткізудегі белсенді қатысушысы және серіктесі ретінде көрсетті. Дәрігерлердің мүддесін білдіре отырып, «AQNIET» Кәсіподағы әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіруге, әлеуметтік-әріптестік тетіктерін нығайтуға белсенді қатысады. Атап айтқанда, кәсіподақ ҚР Үкіметі, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері және республикалық кәсіподақтар бірлестіктері арасындағы Бас келісімнің жобасын әзірлеуде көптеген ұсыныстар енгізді. Осы ұсыныстардың барлығы еңбекақы төлеу, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, кәсіподақтардың ролін арттыру бойынша ең төменгі мемлекеттік стандарттарды арттыруға бағытталған еді. Медициналық мекемелердегі кәсіподақтардың көмегімен қосымша әлеуметтік пакеттерді көздейтін ұжымдық шарттар жасалады.



«AQNIET» Кәсіподағы Халықаралық еңбек ұйымының негізгі қағидаттарын мақсатты түрде ілгерілетеді. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияда белсенді жұмыс істейді.

Бірлескен күш-жігермен біз Қазақстан Республикасында 2025 жылға дейін қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл Жоспарын әзірледік. Сіздердің ұжымдарыңызда еңбекті қорғау жөніндегі инспекторлар жұмыс істейді, олардың міндеттеріне жұмыс орындарында еңбек жағдайларын тексеруді ұйымдастыру кіреді. Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы әзірлеген нөлдік жарақаттану Тұжырымдамасы енгізілуде. Бұл жұмыс Кәсіподақтың беделін нығайтуға ықпал етеді, ал «AQNIET» Кәсіподағының көшбасшыларын ерекшелейтін тәжірибе мен бастамашылық медицина саласын дамытуда маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісіне қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін рахмет. Әрі қарай да белсенді және жемісті қызмет тілеймін!

### **Ян Виллем Гудриан, Генеральный Секретарь ЕФПОО:**

– Я передаю Вам привет солидарности от Европейской Федерации профсоюзов общественного обслуживания. В этой организации состоят восемь миллионов человек из стран Европы и тридцать миллионов со всего мира. Вместе мы пытаемся влиять на решения государств, Европейских и международных сообществ, работодателей.

Этот год для Казахстанского отраслевого профсоюза работников здравоохранения особенный. Ему исполняется 100 лет.

Профсоюз – единственная законная и независимая общественная организация, наделённая правами представительства и защиты социально-трудовых прав и интересов работников – членов профсоюза.

Вы заслуживаете достойной оплаты и лучших условий труда для оказания качественных медицинских услуг. Нас волнует, в какую сторону идет динамика изменений по правам профсоюзов, и самая основная рекомендация для правительств и других заинтересованных сторон – это придерживаться конвенций МОТ, соблюдать положения этих конвенций, также положений по свободам самих профсоюзов, положений коллективных договоров, когда профсоюзы выступают от лица всех работников.

Вместе с EPSU и PSI мы хотим создать безопасную рабочую среду в Казахстане. Хочу поблагодарить вас всех, ваших руководителей за большое содействие в объединенной международной работе и за вашу позицию. Ваши голоса влияют на деятельность PSI, на работу офиса. У нас будет много препятствий, но вместе мы преодолеем их.

Мы стремимся стать влиятельной и сильной организацией, обеспечивающей защиту прав и интересов работников. Мы были и остаемся ответственной стороной социального партнёрства, продвигающей внедрение общепризнанных международных стандартов в сфере труда. ЕФПОО конструктивно взаимодействует с институтами гражданского общества внутри страны и профсоюзными организациями за рубежом.

Вместе мы сильнее!

Хочу пожелать вам дальнейшего развития для достижения тех задач, которые вы перед собой ставите.

С праздником, с юбилеем!

**Сергиус Гловацкас, заведующий сектором Европы и Центральной Азии Бюро МОТ:**

– Я обращаюсь к ветеранам профсоюзного движения работников здравоохранения! Лидерам этой самой массовой и компетентной организации по защите прав и интересов медиков!

На сегодняшний день участниками Международной организации труда являются 187 государств. Казахстан стал ее членом в 1993 году. Главные цели МОТ – это содействие социально-экономическому прогрессу, повышению благосостояния и улучшению условий труда людей, защита прав человека. Мы стремимся укреплять трипартизм и социальный диалог. Делается это путем выработки международной политики и программ, направленных на поддержку основных прав человека, расширение возможностей занятости, принятием международных трудовых норм в форме конвенций и рекомендаций, подкрепленных уникальной системой контроля над их соблюдением, путем профессиональной подготовки и обучения.

Я знаю, что Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников здравоохранения «AQNIET» активно участвует в этой работе. В 2022 году в Женеве состоялась 110-ая сессия Международной Конференции труда. В ее работе в составе казахстанской делегации принял участие председатель Профсоюза, первый заместитель Генерального секретаря Казахской Конфедерации труда Бакытжан Тажибай. Там он поднимал вопросы безопасного труда для медицинских работников, высказал свои предложения по ряду других проблем.

Еще раньше, в октябре 2019 года, в Астане прошла встреча Международной организации труда с профсоюзным сектором здравоохранения Восточной Европы и Центральной Азии на тему: «Всеобщее медицинское обслуживание и основополагающие принципы и права в сфере труда». Участники встречи, проявив солидарность с КОПРЗ в деле защиты медработников Казахстана, организовали флэшмоб

с плакатами: «Мы против ареста врачей!», «За декриминализацию», «За права профсоюзов!», «Дәрігерлер қамалмасын!», «Врачи спасают жизни». Представители профсоюзов из других стран положительно оценили опыт КОПРЗ «AQNIET» по проведению трехстороннего социального диалога, коллективных переговоров по заработной плате, проведению информационно-разъяснительной работы по вопросам достойного труда, подготовке профсоюзных кадров. Мы получили много новых идей, вдохновения и энергии от вашей работы. Не останавливайтесь на этом пути во имя процветания вашей страны.

С большим праздником Вас! Будьте здоровы, чтобы делать эту важную и такую нужную людям работу!

**Мұрат Мәшкенов, Қазақстан еңбек конфедерациясының Бас Хатшысы:**  
– Құрметті бауырлар!

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған кәсіби бірлестіктің құрылғанына 100 жыл толды!

Бұл ғасырлық мерейтой, жай ғана құрылу емес, Салалық кәсіподақтың құрылымдық бөлім басшылары мен командасының тұрақты және сұранысқа ие еңбегі.

Ежелгі қытай данышпандары: «Егер тез жүргіңіз келсе - жалғыз жүріңіз. Егер ұзақ жүргіңіз келсе - командамен бірге жүріңіз!» дегенді бекер айтпаса керек. Сіздің Кәсіподақта барлық қиыншылықтарға, көтерілу мен құлдырауларға қарамастан, осы жүз жылдық жолдан өтуге мүмкіндік беретін команда болды және бар.

Кәсіподақ өзгерістер дәуірін бастан кешті, оның бастауында жарқын бейнесі жадымызда менің пікірлесім әрі әріптесім Бутина Мереке Сағымбайқызы тұрды.

Сіздер салалық кәсіподақтың біртұтас құрылымын сақтап, Қазақстан еңбек Конфедерациясына ерікті негізде мүшелікке еніп, пікірлестер командасын едәуір кеңейттіңіздер.

Сіздер қазір тек өз Кәсіподақ мүшелеріңіздің ғана құқықтары мен мүдделерін қорғамайсыздар. Сіздер адамзаттың басты құндылығы – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығы мен әл-ауқатының қамқоршысысыз. Сіздерді құрметтейміз және мадақтаймыз!

Мерейтой күні мыңдаған дәрігерлер тобына рухтың беріктігін, іс-әрекеттің бірлігі мен сәттілік тілеймін. Сіздердің барлық жарқын ниеттеріңіз біздің игі ісімізде – еңбек адамының мүдделерін қорғауда жүзеге асырылсын!

Ақ жол болсын – «AQNIET»!

**История длиной в 100 лет,  
или век служения Человеку труда в медицине**

Сегодня по приглашению председателя Профсоюза «AQNIET» Бакытжана Арынулы принял участие в знаковом и масштабном мероприятии – международной конференции по вопросам улучшения условия труда работников здравоохранения. Конференция посвящена 100-летию Казахстанского отраслевого профсоюза работников здравоохранения «AQNIET» и проходит под эгидой Международной организации труда (МОТ) и Европейской Федерации профсоюзов общественного обслуживания (European Federation of Public Service Unions - EPSU), при участии профсоюзных лидеров из 12 стран мира.

Как известно, сегодня мир переживает тяжёлый период: прошедшая пандемия, а теперь и череда войн, в которых медики являются наиболее востребованными, трудятся на передовой. Поэтому стратегическую важность приобретает вопрос защиты самого медперсонала, улучшение статуса медицинских работников. Растёт спрос на услуги здравоохранения: дефицит кадров в этой сфере составляет порядка 40 млн человек. Данная категория трудящихся больше всех испытывает повышенные уровни депрессии и тревожности, отрицательные последствия синдрома выгорания и стресса. Многие просто не выдерживают и уходят из профессии, либо покидают свои страны в поисках лучших условий труда.

Учитывая эти вызовы, деятельность профсоюзов работников здравоохранения - это не только вопрос их защищенности, но и в целом здоровье нации и выживание человечества в мире катаклизмов. И в этом смысле достойный стандарт качества на протяжении долгих лет обеспечивает работа профсоюза Aqniет.

Достижения профсоюза не остались без внимания главной международной организации, продвигающей ценности достойного труда. От имени МОТ в лице Сергиуса Гловацкаса, заведующего сектором Европы и Центральной Азии по деятельности трудящихся, профсоюзу “AQNIET” вручена почетная грамота в честь многолетнего сотрудничества и значимого юбилея.

Пользуясь случаем присутствия руководителей МОТ по нашему региону, озвучил накопившиеся проблемы в сфере труда в Казахстане. Надеюсь, прислушаются и учтут в работе. Выступление посвятил отсутствию внятной государственной политики в сфере трудовых отношений и отсутствию культуры трипартизма – государство так и не может полноценно доверить социальным партнерам принимать стратегически важные решения, а те, что приняты (на уровне Генерального соглашения и иных

соглашений) – попросту не выполняются. Это ратификация целого ряда конвенций МОТ, подготовка Национального доклада о социально-трудовых отношениях и многое другое.

В целом состоялось конструктивное и интересное обсуждение вопросов сферы труда и здравоохранения.

Поздравляю Казахстанский отраслевой профсоюз работников здравоохранения Aqniel со столетним юбилеем и желаю успешного второго столетия, продуктивного и яркого, высоко нести знамя социальной справедливости и солидарности. Медицинская профессия - это благородная профессия, а профсоюз медицинских работников - вдвойне благородное дело во благо всех и каждого.

**Муслим Хасенов,  
Associate professor M.Narikbayev University**



Bureau for Workers' Activities  
E: [awb@ilo.org](mailto:awb@ilo.org)  
R:

## CERTIFICATE OF HONOUR

AWARDED TO

Kazakhstan Sectoral Trade Unions of Health  
Care Workers

For the contributions to the active  
cooperation in promotion of decent work  
principles

And in connection with the 100 years  
anniversary

---

Geneva, Headquarters (Switzerland)

19 October 2023

  
Sergejus Glovackas  
Desk officer for Europe and Central Asia

International Labour Organization  
10009 CH, Mail Station 4  
CH-1211 Geneva 22  
10.org



T: +41 22 793 01 11  
E: [ilo@ilo.org](mailto:ilo@ilo.org)

*Құрметті*  
**БАҚЫТЖАН АРЫНҰЛЫ!**

Сіздерді Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіби одағының 100 жылдығы - тамаша мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бір ғасыр бойы кәсіподақ керемет жолға түсті. Сіз денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғап қана қоймай, әділ және ынтымақты еңбек қауымдастығын құруға бағытталған күшті күшке айнала алдыңыз.

Сізге көптеген жылдар бойы табыс, өсу және ықпал тілеймін. Сіздің кәсіподағыңыз денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін дауыс болып қала берсін, ал сіздің бірлігіңіз бен ынтымақтастығыңыз барлығының өркендеуі мен әл-ауқатына әкеледі.

Сіздің қызметіңіз өз шекараларын кеңейтуді, әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын насихаттауды және жаңа биіктерге жетуді жалғастырсын.

Сізге көптеген ұлы жеңістер, өркендеу және ұзақ өмір тілеймін!

**Ізгі тілектермен,**



**Г.А. НҰРЫМОВА**



## Құрметті Бакытжан Арынұлы!

Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі»  
КМК ұжымы атынан «АҚНИЕТ» КӘСІПОДАҒЫНЫҢ 100  
жылдық мерейтойымен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Бүгінгі таңда «АҚНИЕТ» КӘСІПОДАҒЫ республиканың  
жетекші ұйымдарының бірі болып табылады, ол өз қызметі  
барысында еліміздің көптеген медицина қызметкерлеріне  
үлкен қолдау мен қорғауды көрсетті.

«АҚНИЕТ» КӘСІПОДАҒЫ әділ еңбек жағдайларын  
қамтамасыз етуде, медицина қызметкерлерінің құқықтарын  
қорғауда және жұмыс ортасын жақсартуға жәрдемдесуде  
маңызды рөл атқарады. Сіз осы мақсаттарға жетуге  
көмектесетін ынтымақтастық пен ұжымдық күш-жігердің  
үлгісісіз.

Ынтымақтастық пен денсаулық сақтау қызметкерлерінің  
еңбек жағдайлары мен әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесіңіз  
үшін шын жүректен алғысымызды білдіргіміз келеді. Сіздің  
денсаулық сақтау мамандарының мүдделерін ілгерілетудегі  
адалдығыңыз бен еңбекқорлығыңыз терең құрметке лайық.

Сіздің барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Еңбегіңіз  
жемісін беріп, сіздің ойлаған істеріңіздің барлығы өмірде оң  
ізін қалдырсын.

Құрметпен



Ж. Молдакулов

Алматы қ., 2023 ж.



*Құрметті Бақытжан Арыңұлы!*

*Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Департаменті мен Басқармалары ұжымдарының атынан Сізді бүгінгі «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің құрылғанына*

*100 жыл толуы мерейтоймен шын жүректен құттықтайды!*

*Ғасырлық тарих ұрпақ сабақтастығына байланысты болса керек. 1923 жылдан қазіргі күнге дейін осындай даму эволюциясында өзінің даңғыл жолын салып келе жатқан, айнымас дәстүрі бар «AQNIET» кәсіптік одағының нағыз жанашыр, қажымас қайраткерге айналуы, әлбетте бір күннің ісі емес.*

*Еңбегін еш, тұзын сор қылмай, ұрпақ сабақтастығына айналдыра білген бірнеше буынның ортақ жетістігі. «AQNIET» кәсіптік одағы қажет жерінде ағысқа қарсы жүзіп, әрдайым медицина қызметкерлерінің мұң-мұқтажын жоқтап, ар-намысын қорғады, олардың әлжуметтік мәселелерін батыл көтере білді. Осы қам-қарекеттің арқасында медицина қызметкерлерінің үлкен сеніміне ие болды.*

*Осындай мерейлі сәтте Сізге, «AQNIET» кәсіптік одағына еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз арта берсін, мерейіңіз үстем болсын деп тілжктестік білдіреміз!*

*Астана қаласының  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау департаментінің  
басшысы*

*С. Бейсенова*

**Мереке Бутина** 30 жылдан астам уақыт бойы Кәсіподақ қозғалысының тұрақты басшысы болған. Мереке Сағымбайқызы өзінің еңбек жолын қарапайым дәрігер ретінде бастайды. Екі жылдан кейін ол туберкулез ҒЗИ биохимиялық зертханасын басқарады. Онда оның көшбасшылық қасиеттері де көріне бастайды, ол комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады. Содан кейін аудандық комсомол комитетінің мүшесі. Тоғыз жылдан кейін денсаулық сақтау министрлігіне халыққа емдеу-профилактикалық көмек Бас басқармасы бастығының орынбасары қызметіне шақырылады.

Мереке Сағымбайқызы кәсіподақ жұмысын 1983 жылы бастады. Ол Республикалық комитеттің төрайымы болып сайланды. Ал 1990 жылы республиканың денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының құрылтай съезі сенім білдіріп оны қайта төрағалыққа сайлайды. Ол бұл сенімге отыз жылдан астам уақыт бойы адалдық танытады.

Мереке Сағымбайқызының өмірбаянында тағы бір маңызды бет бар. Ол 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Дәл сол шақыру Республиканың тәуелсіздігі туралы Декларацияны, Қазақстанның алғашқы Конституциясын, Елтаңбасы мен Туын қабылдаған. Бірақ оның өмірінің басты мәселесі кәсіподақтар болды. Ол кәсіподақтардың қалыптасуының ең қиын жылдарын бастан өткерді. Жанында әрдайым сенетін, көмектесетін серіктестері болды.

Еңбек және әлеуметтік заңнама мәселелерінде дәрігерлердің мүддесіне шешкен пайдасын тізімдеу үшін жүз беттен тұратын кітап та жеткіліксіз. Ал Мереке Сағымбайқызының соңғы жетістіктерінің бірі - Алматы тау бөктеріндегі медицина қызметкерлеріне арналған сауықтыру орталығы. 2013 жылы ол өзінің үлкен арманын жүзеге асырды.

Мереке Бутина мұндай кәсіпқойлар тобымен талай жетістікке жетуге болатынын жиі айтатын. Сондықтан да ол басқарған Кәсіподақ әрқашан басқа салалық кәсіподақтар арасында барлық бастамалардың алдыңғы қатарында болды.

М. Бутинаның кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан үлесі көптеген наградалармен аталды, атап айтсақ: мерейтойлық медальдармен, ВКП-ның (КЖК) «Кәсіподақ қозғалысына сіңірген еңбегі үшін» құрметті күміс белгісімен, «ҚР денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісімен, «ҚР денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының ардагері» құрметті атағымен, «Құрмет ордені» ҚР мемлекеттік наградасымен.

Мереке Сағымбайқызы Бутина үлкен саясаткер, ашық және шынайы адам болды. Ел үшін ең қиын кезеңдерде ол мызғымас ерік-жігерді, таңғажайып өміршеңдікті және кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба білуді көрсетті. Ол осындай қасиеттерімен денсаулық сақтау қызметкерлерінің жадында қалды.

## О НАШИХ ВЕТЕРАНАХ

**Құлбек Мәмежанов** 1964 жылы Семей мемлекеттік медицина институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша бітіріп, жолдама бойынша Жарма аудандық емдеу бірлестігіне дәрігер-рентгенолог ретінде түседі.

Алты жылдан кейін оны бас дәрігер тағайындайды. 1970 жылдан бастап аспирант, Онкология және радиология ҚазҒЗИ ғылыми қызметкері, одан әрі Алматы қаласының Орталық ауруханасының бөлімшесін басқарады. Алматы темір жол ауруханасының, Республикалық клиникалық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс істейді. Құлбек Шәкірұлы медицина ғылымдарының кандидаты. Ол 1992 жылы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы төрағасының орынбасары, ал 1998 жылы Кәсіподақтың Алматы филиалының төрағасы болып сайланады.

Құлбек Мәмежанов белсенді және принципшіл адам болды, сала қызметкерлеріне қатысты заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жақсы білді. Өз білімін кәсіподақ активімен үнемі бөлісіп отырды. Кәсіподақ филиалын басқара отырып, ерекше ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті. Оның басшылығымен бастауыш кәсіподақ ұйымдарында еңбек жағдайлары мен еңбекақыны, қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін жақсарту бойынша күрделі міндеттер шешілді.

**Еркін Бөлегенов** - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, КСРО және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты дәрігер. Ол Батыс Қазақстан облысының тумасы еді. 1959 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының дипломын алып, Орал қаласына жұмысқа келеді. Медицинаның ең қиын тұстарының бірі туберкулезге қарсы диспансерге орналасады. 17 жыл бойы ол облыстың фтизиатриялық қызметін басқарды.

1971 жылдан 1981 жылға дейін облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы болды. Ол барлық деңгейлерде саланы дамыту үшін қосымша қаражат бөлу қажеттігін дәлелдеді. Осы жылдары көптеген жаңа медициналық мекемелер: емхана, қан құю станциясы, туберкулезге қарсы диспансер, облыстық аурухананың жаңа ғимараттары, қалалық балалар емханасы, облыстық санитарлық эпидемиялық стансасы, перзентхана салынды. Аудан орталықтарының көпшілігінде ауруханалар пайдалануға берілді, ал кеңшарларда фельдшерлік-акушерлік пункттер медицинаны халыққа жақындату және медициналық қызмет көрсетуді жақсарту бойынша қадам жасады.

Еркін Ыбырайұлы Бөлегенов өткір және терең ақылдың, жанжақты дамыған, кең эрудицияның адамы болды. Оған осы кәсіби және жеке қасиеттері үшін өңірдің медицина қызметкерлерінің үлкен құрметін көру

бұйырды. Сондықтан да 1986-2008 жылдары аралығында ол бірнеше рет қатарынан Кәсіподақтың Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

Әріптестердің өзекті мәселелері мен мүдделерін білдіре отырып, ол тұрақты жұмысты сақтауға, жалақы мен әлеуметтік кепілдіктерді арттыруға зор ықпал етті.

**Төкен Қайырбеков** 1985 жылға дейін, яғни Павлодар облыстық филиалының төрағасы болып сайланғанға дейін өзінің барлық кәсіби білімін, ұйымдастырушылық қабілетін денсаулық сақтау жүйесінің дамуы мен қалыптасуына арнады. Облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқару кезеңінде, содан кейін кәсіподақта жұмыс істеген кезде Павлодар қаласы мен облыстың денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша үлкен жұмыс жүргізді, типтік ауруханалар, емханалар, дәріхана мекемелері салынды.

Төкен Қайырбекұлының бастамасымен жергілікті тұрғындар арасынан дәрігерлік кадрлар даярлау үшін 15 жыл бойы Семей медициналық институтына студенттерді қабылдау бойынша көшпелі комиссия жұмыс істеді, дәрігерлерді жетілдіру факультеті ашылды, медицина қызметкерлеріне арналған санаторий-профилакторий ұйымдастырылды.

Төкен Қайырбекұлы әрқашан еңбек адамына үлкен көңіл бөлді. Ол медицина мәселелерін жақсы білді және өздерін осы мамандыққа арнағандардың өтініштеріне жауапкершілікпен қарады. Ол жұмысшыларды әлеуметтік қорғау, лайықты еңбек жағдайларын жасау, дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша көп жұмыс жасады.

Облыстың денсаулық сақтау жүйесі мен кәсіподақтағы көп жылғы еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Құрмет Белгісі» ордені, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», «КСРО денсаулық сақтау үздігі», «Қазақ КСР денсаулық сақтау үздігі» медальдарымен марапатталған. 2003 жылы «Павлодар қаласының Құрметті азаматы» атағын алды.

**Виктор Дрозд** трудовую биографию начал отнюдь не в медицине. Он работал на строительстве дорог в Талдыкоргане. После службы в армии поступил в Семипалатинский Государственный медицинский институт, где и получил специальность врача-педиатра. Но уже вскоре в областном отделе здравоохранения заметили его организаторские способности и назначили главным врачом Дома санитарного просвещения. Такие организации тогда осуществляли организационно-методическое руководство пропагандой медицинских и гигиенических знаний, работали с населением.

## О НАШИХ ВЕТЕРАНАХ

В послужном списке Виктора Марковича есть должность заместителя заведующего областным отделом здравоохранения, директора медицинского училища. Это уже потом его дважды выбрали председателем Талдыкорганского областного комитета (филиала) Профсоюза работников здравоохранения Республики Казахстан: с 1987 по 1997 годы и потом с 2004 по 2013 годы. В перерыве, с 1997 по 2004 годы, областным филиалом Профсоюза руководил Владимир Григорьевич Комлев.

Виктор Маркович награжден знаком «Отличник здравоохранения РК», медалью «Ветеран труда», знаком «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігіне», был удостоен Почетного звания «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының ардагері».

**Фаддей Майзельс** начал профсоюзную деятельность в 1986 году в первичке. После школы он не сразу поступил в медицинский институт, а пошел на машиностроительный завод фрезировщиком. Получив диплом врача работал реаниматологом, старшим врачом на станции скорой медицинской помощи, врачом анестезиологом-реаниматологом в городской больнице скорой медицинской помощи, Целиноградской районной больнице.

А в 1995 году стал профессионально заниматься профсоюзной работой. В течение пяти лет возглавлял Акмолинский областной филиал Профсоюза. В 2000 году его избирают заместителем председателя Профсоюза работников здравоохранения РК. В этой должности он проработал до 2019 года. Фаддей Иосифович обладал большими организаторскими способностями, активно вел организационно-методическую и консультативную работу по укреплению профсоюзной деятельности. Профессионально защищал трудовые права и интересы членов профсоюза. В эту работу он вложил душу, знания, богатый жизненный опыт. Он всегда отличался чувством высокой ответственности и требовательности к себе и другим. Его умение находить контакты с людьми, понимать их проблемы, помочь им в трудную минуту вызывали уважение и благодарность.

**Рашида Өтегенова** өзінің балалық арманына адалдық танытып медициналық институтқа түскен. Оқуды аяқтаған соң педиатр дәрігер ретінде Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарының біріне жолданады. Көп ұзамай ол Шымкент қаласындағы ауруханаға ауысытырылады. Алдымен қарапайым педиатр болып жұмыс істеді, содан кейін ординатор, сәбилер бөлімінің меңгерушісі болады. 1978 жылы Рашида облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалады.

Ол бала мен босану мәселелеріне жетекшілік ететді.

1985 жыл оның өмірін түбегейлі өзгерткен жыл болды. Кезекті есеп беру-сайлау конференциясында оны Оңтүстік Қазақстан облыстық медицина қызметкерлері кәсіподағының төрайымы етіп сайлайды. Бұл лауазымға оны облыстық партия комитеті ұсынғанын айта кеткен жөн. Ол кездері кәсіподақ мүшелерінің саны қырық мыңға жетті. Содан кейін бұл оңтайландыру, кәсіподақ ұйымдарын аты кәсіподақ деп аталса да, шын мәнінде кәсіподақ қозғалысының идеяларынан алыс шенеуніктерінің құрылымдарға бөлу және сүйреу әрекеттері болды. Бірақ бұл кейін болды. Ал 1985 жылы Рашида Рашитқызы барлығын жүре үйренуге мәжбүр болды. Оңтүстік Қазақстан денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағын Рашида Рашидовна 2009 жылға дейін 22 жыл басқарды. Халықаралық кәсіподақ қозғалысының көптеген наградаларына ие, ол Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі. Кәсіподақ жұмысы оған сала мәселелерін бұрынғыдан да терең түсінуге көмектесті. Сондықтан да Р. Өтегенованың 1988 жылы КСРО дәрігерлерінің I съезінің делегаты, 2002 жылы Қазақстан дәрігерлері мен провизорларының II съезінің делегаты ретінде және Қазақстан әйелдерінің Конгресінде айтары көп болды.

**Гульжиян Саимова** ее трудовая биография началась с медицинской сестры Староузенской участковой больницы, где проработала десять лет. Дважды становилась победительницей конкурса «Лучшая медсестра». Работала цеховой медсестрой, затем старшей медсестрой терапевтического отделения Ералиевской центральной районной больницы.

Жизненная позиция Гульжиян Саимовой - защищать права работников - предопределили ее трудовой путь. Судьба привела ее в профсоюз. Так, с 1989 года у нее началась карьера профсоюзного лидера. Так, она избирается председателем первичной профсоюзной организации. В 1995 году избирается председателем областного филиала профсоюза работников здравоохранения Мангистауской области.

В период с 1998 по 2000 год экономическая ситуация накалилась во всех сферах, в том числе и в здравоохранении. Выплата заработной платы задерживалась на 3-4 месяца, не выплачивались пособия по временной нетрудоспособности, своевременно не перечислялись взносы в накопительные пенсионные фонды. В этих условиях профсоюзная организация области, принимая удары и натиск проблем на себя, определяла меры по защите прав и интересов медицинских работников. В частности, проводились дни коллективных действий, акции протеста, предпринимались обращения в органы прокуратуры, местной власти, СМИ и т. д. Меры не всегда оказывались результативными, однако работники начали

## О НАШИХ ВЕТЕРАНАХ

проникаться доверием к деятельности профсоюза. За плечами председателя филиала участие в 15 судебных процессах по отстаиванию трудовых прав работников, организация и проведение четырех беспрецедентных акций протеста.

За свои заслуги в трудовой и профсоюзной деятельности Гульжиян Губашевна награждена нагрудными знаками «Отличник здравоохранения РК», «Отличник профсоюза работников здравоохранения РК», «Заслуженный работник Федерации профсоюзов РК», а также юбилейной грамотой «25 лет Всеобщей конфедерации профсоюзов» и т. д.

Профсоюзная деятельность Гульжиян Саимовой - пример высочайшего профессионализма, ответственности и искренней заботы о людях, заслуживающий самой высокой оценки и признания. Она сумела оставить

**Кенель Жанов** Кәсіподаққа Щучье орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істегеннен кейін келді. Ал еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысының санитарлық эпидемиологиялық станциясында дәрігер-эпидемиолог қызметінен бастаған, содан кейін Щучье өңірлік туберкулезге қарсы диспансерінде қызмет атқарған. 2008 жылдың қараша айында Ақмола облысы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының облыстық филиалының төрағасы болып сайланды. Кенел Жанов қай жерде бас дәрігер болып жұмыс істесе де, ол әрқашан Кәсіподақ қозғалысы мен Кәсіподақ мүшелерін қолдаған.

Ал Кәсіподаққа келгеннен бастап, денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін кәсіби деңгейде қорғаумен айналыса бастады.

Денсаулық сақтау үздігі Кенел Жанов Кәсіподақтар конфедерациясының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігіне» төсбелгісімен марапатталды.

**Александра Мадиярова** кездескен кез-келген адамды қайнаған энергиясымен, белсенді өмірлік ұстанымымен, алға ұмтылысымен таң қалдырмай қоймайды. Сондай-ақ басқаларға көмектесу, жаңа нәрселерді білуге және әділеттілік үшін күресуге деген шынайы ниеті тағы бар. Оның есімі тек Қарағанды облысында ғана емес, сонымен қатар Қазақстаннан тыс жерлерде де кеңінен танымал.

Қазақстанның Кәсіподақ қозғалысының ардагері, облыстың кәсіподақ қозғалысының тарихындағы алғашқы әйел-басшы, денсаулық сақтау саласының үздігі, ол қызметкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы мамандардың тұтас бір тобын тәрбиеледі. Өмірінің 40 жылдан астам уақытын қоғамдық қызметке арнады. Бұл бағыттағы алғашқы тәжірибе

## О НАШИХ ВЕТЕРАНАХ

Степногорск медициналық санитарлық бөлімінде негізгі қызметінен босатылмаған кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде жұмыс істеу барысында басталды. Қарағандыда ол РМО 1 кәсіподақ комитетінің төрағасы лауазымына ұсынылды. Келесі қадам 1997 жылы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының Қарағанды облыстық филиалының төрағалығына сайлану болды. Бірнеше жыл ішінде А. Мадиярова ұйымды сақтап, оны тоқыраудан шығарып, жоғары деңгейге көтере алды. 2001 жылы іске адалдықтың, кәсібиліктің, ағымдағы жағдайды түсінудің және келешекті байсалды болжай білудің арқасында Александра Әлімғазықызы баламалы негізде Қарағанды облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы болып сайланады, ұйым кейінірек Қарағанды облысының кәсіподақтар Федерациясы деп аталды. Бұл лауазымда ол 2013 жылға дейін қызмет атқарды.

Кәсіподақ активтері мен жиналыстарында, БАҚ-та сөйлеген сөздерінде еңбек ұжымдары алдында тұрған проблемалар үнемі көтеріліп отырды. Бұл - жалақы бойынша берешек, еңбекке жарамсыздық туралы парақтардың төлем мөлшері және тағы басқалар. Осы мәселелер бойынша Үкіметке және Президентке үндеулер жолданды. А. Мадиярова «Еңбек туралы» ҚР Заңы мен Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің бастамашысы болды.

Әлем таңқаларлық жылдамдықпен өзгеруде және көшбасшы болып қалу үшін үнемі өзін-өзі жетілдіру қажет. А. Мадиярова әрқашан жаңа білімге ашық жан. Ол Қазақстанда да, шетелде де өткізілетін оқыту семинарлары мен дөңгелек үстелдерге белсенді қатысады.

2017 жылы А. Мадиярова Жалпы кәсіподақтар конфедерациясының 25 жылдығына орай шығарылған арнайы жоғары марапатқа ие болды. Сол кезде ол Қазақстанда Құрметті күміс белгінің жалғыз иегері болды.

2018 жылы Александра Әлімғазықызы жеке мұрағатын мемлекеттік мұрағатқа тапсырды - бұл баяндама мәтіндері, мақалалар, аудио және бейнежазбалар, грамоталар, алғыс хаттар және тағы басқалар. Бұл құжаттар Қарағанды облысының Кәсіподақ қозғалысының тәуелсіздік жылдары қалай дамығанын білуге мүмкіндік береді.

**Светлана Қасенова** Кәсіподақтың Жамбыл облыстық филиалын 1990 жылдан 2022 жылға дейін басқарды.

Светлана Рахметбайқызы мамандығы бойынша дәрігер-педиатр. Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын Жамбыл балалар ауруханасында бастаған. Көп ұзамай ол меңгеруші қызметіне ауысып, ал 1990 жылдың қазан айында ол облыстық кәсіподақ ұйымының төрағайымы болып сайланады. Бұл қызметте ол 30 жылға



жуық жұмыс істеді. Осы жылдар ішінде ол еңбек және құқық мәселелерін түбегейлі түсіну үшін оқуын тоқтатқан жоқ. «Әділет» кәсіподақтың жоғарғы мектебінде білім алып заңгер мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Светлана Рахметбайқызы әрдайым жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін іздеуге деген ұмтылысымен ерекшеленді. Адамдарға кез-келген уақытта сөзбен де, іспен де көмектесу басты қағидасы болды.

Кәсіподақ қызметіндегі еңбегі үшін С. Қасенова Кәсіподақтың Құрмет грамоталарымен, «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі», «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. Қазақстанның еңбекші әйелдері конгресіне делегат болып сайланды.

Ол Еңбек ардагері, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Кәсіподақ тарапынан көптеген марапаттардың иесі.

**Сәуле Оспанова** 1970 жылы Алматы медицина институтының педиатрия факультетін аяқтап, дипломмен туған жері Ақтөбе облысына оралып аудандық педиатр болып жұмыс істейді. 1980 жылы аудандық емхананың бас дәрігерінің орынбасары болып тағайындалады. Әріптестері оны бастамашылығы үшін кәсіподақ ұйымына төраға етіп сайлап, жас маман Сәуле Сейсенбайқызы кәсіподақ жұмысымен айналыса бастайды.

Екі жылдан кейін ол Ақтөбе ауданының медицина қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитетінің төрағайымына сайланады. Аз уақыт ішінде Кәсіподақтың облыстық есеп беру-сайлау конференциясында оны медицина қызметкерлері кәсіподағының Ақтөбе облыстық комитетінің құрамына және қоғамдық хатшы етіп сайлайды.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін Сәуле Сейсенбайқызы осы қызметте жұмыс істеді. Ол әр есеп беру -сайлау конференциясында қайта сайланып отырды. 10 жылға жуық ҚР Кәсіподақ ОК тексеру комиссиясының төрағасы болды. «ҚР денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіптік одағы» жарғысын қазақ тіліне аударуға қатысты.

Ол денсаулық сақтау ісінің үздігі, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Еңбек Ардагері» медалінің иегері. Сондай-ақ, ол әрдайым әріптестері үшін қажет уақытта ашуға дайын энциклопедия болып саналды.

**Михаил Айзенберг** председателем Восточно-Казахстанского филиала работает с 1999 года. Свой трудовой путь начал в качестве медицинского брата ортопедического отделения, одновременно учился в Семипалатинском

медицинском институте, который в 1981 году с отличием закончил. По распределению работал цеховым терапевтом, заместителем главного врача, главным врачом Серебрянской ЦРБ, а в 1997 году был назначен заведующим городским отделом здравоохранения г. Зырянска. Так что к тому времени, как его избрали председателем профсоюза работников здравоохранения области, он имел уже более чем 20 летний стаж в медицине.

В 2005 году получил диплом по специальности «Юриспруденция». За время его работы через судебные решения восстановлено более 100 незаконно уволенных членов Профсоюза, в том числе 16 главных врачей, за которых приходилось судиться с областным управлением здравоохранения. Так как практически все суды с участием профсоюза выигрывались, стало легче вести диалог с руководителями и отстаивать интересы членов профсоюза в досудебном порядке. Благодаря глубоким знаниям в области трудового законодательства, системы оплаты труда многие вопросы решались и решаются за столом переговоров.

Михаил Ефимович первым среди председателей областных филиалов был избран депутатом областного Маслихата. Благодаря этому повышался авторитет профсоюзов, многие социальные вопросы в здравоохранении решались продуктивнее.

Большое внимание он уделяет обучению профсоюзных лидеров в первичных организациях. Ежегодно организует и проводит выездные семинары по трудовому праву, психологии общения, умению вести переговоры, органайзингу. К их проведению привлекаются ведущие специалисты международного уровня.

М. Айзенберг длительное время являлся членом областной трехсторонней комиссии. В настоящее время он входит в комиссию по социальному партнерству при Министерстве здравоохранения РК, член Совета и Исполкома Казахстанского отраслевого профсоюза работников здравоохранения.

Награжден медалью «Отличник здравоохранения РК», «Еңбек ардагері», юбилейными медалями Правительства и многими другими знаками Профсоюза.

**Лариса Семенова** с 1984 по 1999 год возглавляла Восточно-Казахстанский областной филиал. В профсоюзы она пришла после работы заведующей Усть-Каменогорским городским отделом здравоохранения. Была отличным организатором в отрасли. Собрала в те годы очень сильную команду единомышленников. Ее заместителем была Н. Митина, вместе они добились очень многого в вопросах защиты прав членов профсоюза.

